**Отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек көрсету туралы**

***Күшін жойған***

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 08 мамырдағы N 91 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2013 жылы 22 мамырда N 4453 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 12 тамыздағы N 03-11/143 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - ( Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 12.08.2014 N 03-11/143 хатымен).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі және "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Қармақшы аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Қармақшы ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына, ауылдық жерде жұмыс істейтін білім берудің педагог қызметкерлеріне тұрғын үй-жайларды жылыту үшін отын сатып алуға бюджет қаражаты есебінен 3 (үш) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы ақшалай өтемақы түрінде әлеуметтік көмек берілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қармақшы аудандық мәслихатының кезектен тыс 15-сессиясының төрағасы Б. Нысанбаев*

*Қармақшы аудандық мәслихатының хатшысы М. Наятұлы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК